



## Степногорск қаласындағы коммуналдық мүлікті иеліктен айыру түрлерін таңдау бойынша өлшемдерді айқындау туралы

### *Күшін жойған*

Ақмола облысы Степногорск қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 28 наурыздағы № а-3/144 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 26 сәуірде № 5318 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Степногорск қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 10 маусымдағы № А-6/189 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Степногорск қаласы әкімдігінің 10.06.2025 № А-6/189 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Жекешелендіру объектілерін сату қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 9 тамыздағы № 920 қаулысына сәйкес, Степногорск қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Степногорск қаласындағы коммуналдық мүлікті иеліктен айыру түрлерін таңдау бойынша өлшемдер осы қаулының қосымшасына сәйкес айқындалсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Степногорск қаласының әкімі орынбасарының міндетін атқарушы С.С.Шабаровқа жүктелсін.

3. Степногорск қаласы әкімдігінің осы қаулысы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Степногорск қаласының әкімі

Ә.Күмpekеев

Степногорск қаласы әкімдігінің  
2016 жылғы 28 наурыздағы  
№ а-3/144 қаулысына  
қосымша

## Степногорск қаласындағы коммуналдық мүлікті иеліктен айыру түрлерін таңдау бойынша өлшемдер

| №<br>р/р | Өлшемдердің атауы                                                                         | Иеліктен айыру түрі             |
|----------|-------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------|
| 1        | Егер мемлекеттің алдағы уақытта мемлекеттік меншік объектісін бақылауда мүдделігі болмаса | Аукцион түріндегі жекешелендіру |
|          | Сату шартын бекіту арқылы уақыттың қандай да бір кезеңіне                                 |                                 |

|   |                                                       |                                |
|---|-------------------------------------------------------|--------------------------------|
| 2 | мемлекет тарапынан бақылауды сақтау қажеттілігі болса | Тендер түріндегі жекешелендіру |
|---|-------------------------------------------------------|--------------------------------|

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК